

"Жаңаөзен қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметтік куәлігін беру қағидалары мен оның сипаттамасын бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 138 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 сәуірде № 3344 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 24 маусымдағы № 359 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 24.06.2020 № 359 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының 30-бабының 4-тармағына сәйкес, Жаңаөзен қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Жаңаөзен қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметтік куәлігін беру қағидалары мен оның сипаттамасы бекітілсін.

2. "Жаңаөзен қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (Б. Оvezov) осы қаулының Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдансын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаңаөзен қаласы әкімінің аппарат басшысы Б. Оvezovке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

E. Әбілов

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің

2017 жылғы "27" наурыз

"Жаңаөзен қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметтік күелігін беру қағидалары және оның сипаттамасы

1. Осы "Жаңаөзен қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметтік күелігін беру қағидалары мен оның сипаттамасы (бұдан әрі-Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының 30-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген және "Жаңаөзен қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарының қызметтік күелігін беру тәртібі мен оның сипаттамасын анықтайды.

2. Қызметтік күелік (бұдан әрі-Күелік) мемлекеттік саяси, әкімшілік қызметшілерге "Жаңаөзен қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі - аппарат), жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарында лауазымын және лауазымдық өкілеттіктерін растайтын құжат болып табылады.

3. Күелік белгіленген тәртіппен:

1) қала әкімінің орынбасарларына, аппарат басшысына, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшыларына, қала әкімі тағайындастырылған аппараттағы "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне - қала әкімінің;

2) аппарат басшысы тағайындастырылған аппараттағы "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне - аппарат басшысының;

3) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдары "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне - жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган басшысының қолы қойылып беріледі.

4. Күелік лауазымға тағайындалған, ауыстырылған (қайта тағайындалған), бұлінген, жоғалған, алдындағы берілген күеліктің қолдану мерзімі өткен кезде беріледі.

5. Атқарып отырған лауазымынан босатылған, қызметтен босатылған, ауыстырылған (қайта тағайындалған) кезде, қызметкерлер бұйрықтың/өкімнің шыққан күнінен бастап үш жұмыс күн ішінде күелікті кадр қызметіне тапсырады

6. Осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген күәлікті ауыстыру кезінде бұрын берілген күәлік қайтарылып алынады.

7. Күәліктердің берілуі мен қайтарылуын есепке алуды осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нөмірленетін және тігілетін, қызметтік күәліктерді беру және қайтару журналында жүзеге асырылады.

Күәліктерді есептен шығаруды және жоюды осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік күәліктерді есептен шығаруға және жоюға арналған актіні жасай отырып, кадр қызметі жүргізеді.

8. Күәлікті жоғалтқан немесе бұлдірген жағдайда қызметкер үш жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда кадр қызметіне хабарлайды.

9. Қызметтік күәлікті дұрыс сақтамау нәтижесінде болған жоғалту, бұлдіру, сондай-ақ қызметтік күәлікті басқа тұлғаларға беру, қызметтік күәлікті жеке басы үшін қызметтен тыс мақсаттарда пайдаланудың әрбір фактілері бойынша кадр қызметі қызметтік тексеру жүргізу қажеттігі тұрғысын қарайды.

10. Қызметкер кінәсінен жоғалған немесе бұлінген күәлік қызметкердің өз қаражаты есебінен қалпына келтіріледі.

11. Көк түсті жасанды былғарыдан жасалған күәліктің сыртқы бетінің ортасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі орналасқан, одан төменде мемлекеттік тілде "Жаңаозен қаласы әкімінің аппараты" деген, ал жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарда органның атауы көрсетілген типографиялық қаріптегі жазбасы болады. Ашылған түрінде күәліктің мөлшері 65x190 миллиметр, ішбеті (форматы 62x88 миллиметр) бар. Ішкі жағы көгілдір тангир торы аясында күн мен қалықтаған қыранның жасырын формасы қолдана отырып орындалған. Жоғары бөлігінде екі жағынан да "Жаңаозен қаласының әкімдігі", "Акимат города Жанаозен" деген жазулар орналастырылған, ал жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарда органның ресми атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылады. Одан төмен мәтіннен қызыл түсті үзік жолақпен бөлектелген "Қазақстан Республикасы" деген жазулар орналастырылған.

Сол жағында: фотосурет (3x4 сантиметр өлшемде), орталығында күәліктің нөмірі мен "Күәлік" деген жазу орналастырылады, нөмірдің астында жол-жолымен мемлекеттік тілде тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің атауы көрсетіледі.

Оң жағында: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі, Елтаңбаның төменгі жағында сары түсті "Қазақстан" деген жазу және орыс тіліндегі тиісті мәтін. Төменгі жағында күәліктің жарамдылық мерзімі (екі жыл мерзімге беріледі) көрсетіледі.

12. Күәліктер басшылықтың қолымен расталады және елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

"Жанаөзен қаласы әкімінің аппараты"
мемлекеттік мекемесінің және жергілікті
бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы
органдардың "Б" корпусы мемлекеттік
әкімшілік қызметшілерінің қызметтік
куәлігін беру қағидалары мен оның
сипаттамасына
1-қосымша
Нысан

Қызметтік куәліктерді беру және қайтару журналы

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Атқаратын лауазымы	Куәлік №	Беру күні	Алғандығы туралы қолы	Тапсыру күні	Тапсырғандығы туралы қолы

Ескертпе: журнал тігілген, нөмірленген болуы тиіс.

"Жанаөзен қаласы әкімінің аппараты"
мемлекеттік мекемесінің және жергілікті
бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы
органдардың "Б" корпусы мемлекеттік
әкімшілік қызметшілерінің қызметтік
куәлігін беру қағидалары мен оның
сипаттамасына
2-қосымша
Нысан

Ұйымның атауы

АКТИ

жасалу орны

күні

№ _____

Біз, төменде қол қойғандар (кемінде 3 қызметкер, тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), атқаратын лауазымын көрсету керек), "Жанаөзен қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметтік куәлігін беру қағидалары мен оның сипаттамасының 5-тармағының негізінде қызметкерлерді есептен шығаруға және жоюға жиналған практикалық маңызын жоғалтқан куәліктерін зерделеп: жұмыстан босатылуға, басқа қызметке ауысуға байланысты _____ тізімге сәйкес:

Оларды есептен шығару және жою бойынша осы актіні жасады:

Лауазымның атауы Қолы

Лауазымның атауы Қолы

Лауазымның атауы Қолы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК